

27.02.2020

№8 (8968)



**МЕНДІҚАРА  
ҮНІ**

# Ұстаз руһына тағзым

## Досмағұл Сүймековтің естелік портреті туған елі Меңдіқара төріне қойылды



Досмағұл Сүймеков – Кәләм Байназарұлының бір кездегі шәкірті. 1940 жылы Қаратал совхозына қарасты Қаражар елінде дүниеге келген. Меңдіқара педагогикалық училищесіне 14 жасында оқуға түсіп оны ойдағыдай аяқтаған. Кейін Қостанай педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдап 1963 жылы училищеге қайта оралған. Іскер, елгезек жан қатардағы мұғалімдіктен 1974 жылы алдымен педучилище директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1976 жылдан ширек ғасырға жуық Рудный педагогикалық училищенің директоры болып жемісті еңбек етті. Ыбырай Алтынсариннің еңбектері мен идеяларын жастарға насихаттаушы. Облыс көлеміндегі білікті ұстаздарды даярлаушы ретінде танылған үздік қызметкер.

Досмағұл Еслямұлының естелік тақтасының ашылу салтанатына



өмірлік жары Рысбике Қасымқызы, ұл-қызы және туған қарындасы Күләш Еслямқызы қатысты. Сондай-ақ, ұстаз руһына тағзым ету мақсатында Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің директоры Жомарт Құсайын бастаған студенттер мен ұстаздар қауымы арнайы келді. Іс-шараға Боровской селосының әкімі Серік Мүсәпіров және аудандық білім бері бөлімінің өкілдері мен

бірқатар мектеп директорлары атсалысты.

Салтанатты түрде естелік портретті ашу рәсімінен соң сөз алған Жомарт Қоңырбайұлы ұстаз әрі ағартушы Досмағұл Еслямұлы жайында жақсы естеліктерімен бөлісті. Осы ретте Досмағұл Сүймековтің шәкіртері мен әріптес замандастары сөз алды.

Ауқымды шара Ахметқазы Шотаев атындағы мектеп гимна-

зиясында жалғасын тапты, бұл жерде қонақтар Досмағұл Сүймековтің өмірі мен еңбек жолы тұрасында өрбіген дөңгелек үстелге қатысты.

Педагог, Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының ағарту ісінің құрметті қызметкері, Рудный қаласының құрметті азаматы Досмағұл Сүймековтің қашанда есімі ел есінде.

**Қымбат НАҒАШЫБАЙ**